Педагогикалық кеңес отырысында
мақұлданды және бекітілді.
Хаттама № 1
"_29__" _____08_____2025 жыл

Бекітемін
«РМА» ЖШС директоры
_____ С.Смакова
"__01__" _____09_____2025 жыл

Колледжішілік бақылау туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы колледжішілік бақылау туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) колледжішілік бақылаудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, нысандарын, ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2. Колледжішілік бақылау білім беру процесін басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім беру сапасын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы заңнама талаптарының сақталуына, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуына бағытталған.

1.3. Осы Ереже төмендегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- «РМА» ЖШС Жарғысы;
- «РМА» ЖШС ішкі нормативтік құжаттары.

1.4. Колледжішілік бақылауды «РМА» ЖШС әкімшілігі, құрылымдық бөлімше басшылары, циклдік әдістемелік комиссия төрағалары және өзге де жауапты тұлғалар жүзеге асырады.

1.5. Бақылаудың негізгі объектілері:

- оқу процесін ұйымдастыру;
- теориялық және өндірістік оқыту сапасы;
- оқу-жоспарлау және есептік-есеп беру құжаттамасын жүргізу;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы;
- оқу кабинеттерінің, зертханалардың және шеберханалардың жағдайы;
- кәсіптік практиканы ұйымдастыру;
- тәрбие жұмысы;
- еңбек және атқарушылық тәртіпті сақтау;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы;
- қатаң есептілік құжаттарының сақталуы.

2. Колледжішілік бақылаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. **Колледжішілік бақылаудың мақсаты:**

- Қазақстан Республикасының білім беру және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық базасын ұстану;
- «РМА» ЖШС қызметін жетілдіру;
- білім беру сапасын арттыру;
- жұмыстағы кемшіліктердің алдын алу және жою, білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеу сапасын арттыру мақсатында педагог қызметкерлерге нақты көмек көрсету.

2.2. **Колледжішілік бақылаудың міндеттері:**

- оқу-тәрбие процесінің жай-күйі туралы ақпаратты жинау және өңдеу
- барлық басқарушылық шешімдерді іске асыру бойынша кері байланысты қамтамасыз ету;
- педагог кадрлардың жұмыс тәжірибесін игеру;

- «РМА» ЖШС педагог қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсету;
- мемлекеттік білім беру стандарты талаптарының орындалуын мерзімді тексеру;
- оқу пәндерін оқыту сапасын, оқытушылардың оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына, нысандары мен әдістеріне негізделген талаптарды сақтауын жүйелі түрде бақылау;
- студенттердің білімді игеру процесін, олардың даму деңгейін, өз бетінше білім алу әдістерін меңгеруін кезең-кезеңмен бақылау;
- «РМА» ЖШС барлық жұмыс жоспарлары мен қабылданған басқару шешімдерінің орындалуын үнемі тексеру.
- білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің орындалуын бақылау;
- оқу жоспарларының, бағдарламалардың және кестелердің орындалуын тексеру;
- оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау;
- оқу-тәрбие процесінің жағдайын талдау;
- теориялық және өндірістік оқыту журналдарын жүргізуді бақылау;
- студенттердің үлгерім кітапшаларын толтыруды бақылау;
- атаулы кітапты жүргізуді бақылау;
- дипломдарды, академиялық анықтамаларды (транскрипттерді) есепке алу және беруді бақылау;
- қатаң есептілік құжаттамасын жүргізу талаптарының сақталуын бақылау;

3. Колледжішілік бақылаудың қағидаттары

3.1. Колледжішілік бақылау төмендегі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- заңдылық;
- жүйелілік;
- объективтілік;
- жоспарлылық;
- жариялылық;
- уақтылылық;
- мақсаттылық;
- жауапкершілік;
- талдамалылық;
- нәтижелілік.

4. Колледжішілік бақылаудың нысандары

4.1. Колледжішілік бақылау төмендегі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жоспарлы тексерулер түрінде, ол тексерулердің кезеңділігін қамтамасыз етеді және тексерулерді ұйымдастырудағы негізсіз қайталануды болдырмайды, сондай-ақ оқу жылы басталғанға дейін педагогикалық ұжым мүшелеріне жеткізіледі;
- жедел тексерулер – білім алушылардың, олардың ата-аналарының, ұйымдардың өтініштерінде көрсетілген бұзушылықтар туралы фактілерді анықтау және мәліметтерді тексеру, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылар арасындағы жанжалды жағдайларды реттеу мақсатында;
- мониторинг – білім беру процесін ұйымдастыру және оның нәтижелері туралы ақпаратты жинау, жүйелі есепке алу, өңдеу және талдау арқылы білім сапасын басқару міндеттерін тиімді шешу үшін;
- әкімшілік жұмыс – колледж басшысы тарапынан студенттердің ағымдағы үлгерімін бақылау және аралық аттестаттау шеңберінде оқу жетістіктерін тексеру мақсатында жүзеге асырылады;
- жоспарлы бақылау;
- жедел бақылау;
- тақырыптық бақылау;
- фронтальды бақылау;
- дербес бақылау;
- әкімшілік бақылау;

- мониторинг;
- сабақтарға өзара қатысу;
- құжаттаманы талдау;
- білім сапасын бақылау кесінділері;
- сауалнама жүргізу, әңгімелесу, бақылау.

4.2. Жоспарлы бақылау колледжішілік бақылаудың бекітілген жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Жедел бақылау бұзушылықтарды шұғыл анықтау және жою қажеттілігі туындаған жағдайда жүргізіледі.

4.4. Тақырыптық бақылау колледж қызметінің нақты бір мәселесін зерттеуге бағытталады.

5. Колледжішілік бақылауды ұйымдастыру

5.1. Колледжішілік бақылау төмендегі негіздер бойынша жүзеге асырылады:

- колледждің жылдық жұмыс жоспары;
- колледжішілік бақылау жоспары;
- колледж басшысының бұйрықтары;
- уәкілетті органдардың тапсырмалары.

5.2. Колледжішілік бақылау жоспары колледж директорының бұйрығымен бекітіледі және қызметкерлерге таныстырылады.

5.3. Тексеруге жататын құжаттар:

- теориялық оқыту журналдары;
- өндірістік оқыту журналдары;
- кәсіптік практика журналдары;
- студенттердің үлгерім кітапшалары;
- студенттік билеттер;
- емтихан ведомостары;
- сынақ ведомостары;
- диплом бланкілері;
- диплом беру журналы;
- академиялық анықтамалар (транскрипттер) беру журналы;
- атаулы кітап;
- білім алушылардың жеке істері;
- сабақ кестесі;
- жұмыс оқу жоспарлары;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар;
- кабинеттер мен зертханалардың жұмыс жоспарлары;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша құжаттама.

5.4. Бақылау қорытындысы бойынша төмендегілер рәсімделеді:

- ақпарат;
- талдамалық есептер;
- актілер;
- қызметтік жазбалар;
- колледж бойынша бұйрық шығару; жоспар, графиктер, материалдарды зерделеу, бекіту;
- аналитикалық анықтама.

6. Бақылауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Бақылауды жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтары:

- қажетті құжаттарды талап ету;
- оқу сабақтарына және іс-шараларға қатысу;
- тексеру мәселелері бойынша түсініктемелер алу;
- жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

6.2. Колледж қызметкерлері міндетті:

- қажетті құжаттарды ұсынуға;

- тексеру жүргізуге жәрдемдесуге;
- анықталған ескертулерді уақтылы жоюға;
- заңнама талаптарын және ішкі актілерді сақтауға.

7. Колледжішілік бақылау қорытындылары

7.1. Бақылау нәтижелері:

- әкімшілік кеңестерде;
- педагогикалық, әдістемелік кеңес отырыстарында;
- циклдік әдістемелік комиссия отырыстарында;
- өндірістік кеңестерде;
- жеке әңгімелесу барысында қаралады.

7.2. Бақылау қорытындылары бойынша төмендегілерге бағытталған басқарушылық шешімдер қабылданады:

- бұзушылықтарды жою;
- білім беру процесінің сапасын арттыру;
- құжаттамалық қамтамасыз етуді жетілдіру;
- атқарушылық тәртіпті күшейту;
- қайталама бұзушылықтардың алдын алу.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже «РМА» ЖШС директоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

8.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «РМА» ЖШС басшысының бұйрығымен енгізіледі.

8.3. Осы Ереженің орындалуын бақылау қызмет бағыттары бойынша директордың орынбасарларына жүктеледі.